

Turkic Weekly

2018/104





Turkic Weekly 2018 11 (104) (2 сәуір – 8 сәуір)

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.

ТҮРІК «АККУЮ» АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



3 сәуірде Түркия мен Ресей президенттері Режеп Тайип Ердоған және Владимир Путин «Аккую» АЭС құрылысының алғашқы тасын қалау рәсіміне қатысты.

«Аккую» АЭС-тің бірінші блогын іске қосу рәсіміне Владимир Путинді Режеп Тайип Ердоған шақырғаны баршаға мәлім. Құрылыстың басталу рәсіміне екі елдің президенттері де қатысты.

Түркия Республикасының Президенті Р.Т. Ердоған бұл салтанатты рәсімде «Аққұдық» жобасының екі ел арасындағы ынтымақтастықтың символына айналатынын және 2023 жылы Түркияның әлемдегі 10-шы экономика болуға ниетті екенін айтты.

Өз кезегінде Ресей Президенті Владимир Путин жобада алдыңғы қатарлы инженерлік шешімдерін қолданып, экологиялық талаптардың қатаң сақталатындығын атап өтті.

Режеп Тайип Ердоған Түркиядағы алғашқы «Аккую» АЭС-тің 2023 жылы іске қосылатынын айтты. Құрылысты В. Путинмен жасалған келісімдерге сәйкес «Росатом» корпорациясы жүзеге асырады.

Тараптар сонымен қатар Жерорта теңізінің жағалауындағы Мерсин провинциясында төрт ВВЭР-1200 қондырғысы бар «Аккую» атом электр станциясын салмақ. Түркияның жалпы электр энергиясын өндірудің шамамен 10% қамтамасыз ететіндігі жоспарланған. «Аккую» АЭС құрылысының жалпы құны 20\$ млрд.

Сарапшылардың пікірінше, бұл стратегиялық маңызды жоба екі еуразиялық держава арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда үлкен рөл атқарады және континенттік ауқымда экономикалық өзара ықпалдастықтың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосады.

РЕСЕЙ, ИРАН, ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ АНКРАДА КЕЗДЕСТІ



4 сәуірде Түркия және Ресей басшылары Режеп Тайип Ердоған мен Владимир Путин және Иран президенті Хасан Руханидің қатысуымен үш жақты кездесу аясында бірінші кезекте Сирияның саяси мәселелері бойынша ұстанымдарды келісу туралы шешім қабылдады.

Сириядағы оқиғалардың өршуі 2017 жылдың мамыр айындағы Астанада белгіленген механизм аясында кепілдік беруші елдердің келесі кездесуін өткізу қажеттігін көрсетті.

Тараптар Хомс, Шығыс Гута, Идлиб қалаларында деэскалация аймақтарын құру туралы уағдаласты. Механизмді іске қосқаннан кейін, тараптар Сочиде өткен үшжақты кездесу барысында 2017 жылдың қарашасында бұл мәселеге қайта оралды. Сонымен қатар, тараптар күрд Афринындағы табысты түрік операциясы мен Шығыс Гутағы террористер мен қарулы қарсыластарға қарсы Сирия операциясынан кейін, болашаққа жақын қадамдарды тағы талқыға салды. Ең алдымен деэскалация механизміне көңіл бөлді.

Тараптар Сирия үкіметі мен оппозицияның пікірталастарына әсер ететін аймақтарды аумақтық тұрғыдан нығайтуды жалғастырып келеді және бұл келісімге кепілдік беруші елдерге жердегі жағдайды жақсы бақылауға, сондай-ақ болашақ саяси реформаларға ықпал етеді.

Саяси үдеріс, атап айтқанда, үкіметтік күштер мен оппозиция өкілдерінің конституциялық комиссиясын құруды көздейді.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕРДІҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ КЕСТЕСІ АНЫҚТАЛДЫ

АЛФАВИТ казахского языка, основанный на латинской графике

| № | Написание | Звук | № | Написание | Звук |
|----|-----------|----------|----|-----------|------|
| 1 | A a | [a] | 17 | Ń ń | [ɲ] |
| 2 | Á á | [ə] | 18 | O o | [o] |
| 3 | B b | [b] | 19 | Ó ó | [ø] |
| 4 | D d | [d] | 20 | P p | [p] |
| 5 | E e | [e] | 21 | Q q | [k] |
| 6 | F f | [f] | 22 | R r | [r] |
| 7 | G g | [ɣ] | 23 | S s | [c] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ɣ̣] | 24 | T t | [t] |
| 9 | H h | [x], [h] | 25 | U u | [ʏ] |
| 10 | I i | [i] | 26 | Ú ú | [y] |
| 11 | ı ı | [ɯ], [ɥ] | 27 | V v | [v] |
| 12 | J j | [ʒ] | 28 | Y y | [ɣ] |
| 13 | K k | [k] | 29 | Ý ý | [y] |
| 14 | L l | [l] | 30 | Z z | [z] |
| 15 | M m | [m] | 31 | Sh sh | [ʃ] |
| 16 | N n | [n] | 32 | Ch ch | [tʃ] |

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жергілікті мектептердің латын алфавитіне көшу кестесін анықтады. Тиісті жобаның тәртібі «Ашық НҚА» веб-сайтында қол жетімді және оның қоғамдық талқылауы 20 сәуірге дейін жалғасады.

Осы құжатқа сәйкес оқу орындары 2025 жылға дейін жаңа әліпбиге көшеді. Бұл келесі схема бойынша орындалады:

- 0, 1 сыныптар – 2020 жылы;
- 0, 1 және 2 сынып – 2021 жылы;
- 0, 1, 2 және 3 сынып – 2022 жылы;
- 0, 1, 2, 3 және 4 сынып – 2023 жылы;
- 0, 1, 2, 3, 4 және 5-9 сыныптар – 2024 жылы;

- 0, 1, 2, 3, 4, 5-9 және 10, 11 сыныптар – 2025 жылы.

2019 жылдан бастап мұғалімдерге арналған біліктілікті жетілдіру курстары ұйымдастырылып, 192 мыңнан астам мұғалімнің қатысуымен өтеді деп күтілуде.

Оқу құралдары латын графикасына тиісті сыныпты оқытуды бастағанға дейін бір жыл бұрын аударылуы қажет (мысалы, 2-сынып оқулықтары латын әліпбиімен 2020 жылға дейін, 3-сынып үшін 2021 ж. дейін және т.б.).

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ақпан айында қазақ әліпбиінің латындық нұсқасын мақұлдады. Ол нұсқа 2017 жылдың сәуірінен бастап әзірленген болатын.

Алфавитті жаңа кестеге енгізу барысында қызу пікірталастар болды, нәтижесінде диграфтар мен апострофтарсыз үшінші нұсқасы бекітілді.

Н.Назарбаевтың айтуынша, латын әліпбиіне көшу қазақ тілін үйренуге және Қазақстанның жаһандық ақпараттық кеңістікке кіруіне игі ықпал етеді. Сонымен қатар Мемлекет Басшысы реформа басқа тілдердің дамуына зиян тигізбеуі және азаматтардың құқықтарын бұзбауы керек екендігін атап өтті.

Қазақстан КСРО ыдырағаннан кейін латын әліпбиіне ауысқан Орталық Азиядағы (Түркменстан мен Өзбекстаннан басқа) үшінші мемлекет болып саналады. Кирилл графикасы Қырғызстан мен Тәжікстанда әзірге қолданылуда.

ӨЗБЕКСТАН ТӘЖІКСТАННАН ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ИМПОРТЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТТЫ



Өзбекстан 2018 жылдың 2 сәуірінен бастап Тәжікстаннан электр қуаты импортын жаңартты.

Регар аралық станциясынан (Тәжікстан) Гүлча аралық станциясына (Өзбекстан) электр жеткізу желісі кернеулі қойылды.

Өзбекстан мен Тәжікстан 2009 жылы өзара электр қуатын жеткізуді тоқтатты. Осының салдарынан Өзбекстан Орталық Азияның біріккен энергетикалық жүйесінен шығып қалды.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің 2018 жылғы 9-10 наурызда Тәжікстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында екі көрші Орталық Азия елдері электр энергиясын өзара жеткізу туралы келісімге қол қойды.

«Узбекэнерго» АҚ бұрын Өзбекстан мен Тәжікстан 2018 жылы вегетация кезінде 1,5 млрд. кВт. сағ. электр қуатын жеткізуге келіскенін хабарлады.

Компания Өзбекстан мен Тәжікстанның 2018/2019 жж. қысқы кезеңіне электр энергиясын жеткізуге қатысты келіссөздер жүргізетінін мәлімдеді.

Тәжікстаннан Өзбекстанға электр қуатының импортын қалпына келтіруді Орталық Азияның интеграциясы жолындағы тағы бір табысты қадам деп санауға болады.

"ОРТАҚ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ" ОҚУЛЫҒЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Халықаралық Түркі академиясында Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің Білім және ғылым министрліктері өкілдері және әдебиетші мамандардың қатысуымен ортақ түркі әдебиеті оқулығының бағдарламасы талқыланды.

Сарапшылар мен министрліктер өкілдері Академия әзірлеген бағдарлама жобасына ұсыныстар беріп, өзгертулер енгізді.

Білім және ғылым министрліктері бағдарламаны толық мақұлдаған соң, Академия ортақ оқулықты әзірлей бастайды.

Айта кетерлік жайт, өткен апта Түркия Білім министрлігі Түркі академиясы әзірлеген "Ортақ түркі тарихы" оқулығын мақұлдап, алдағы оқу жылынан бастап 8 сыныптарға таңдаулы пән ретінде оқыту жөнінде шешім шығарды.